

ӨОЖ 81'37; 003; 81'22; МҒТАР 16.21.51
<https://doi.org/10.47526/2025-4/2664-0686.271>Б. ҚАСЫМ¹, Н. МАМАДИЯРОВА², М. ТАЛДЫБАЕВА³¹филология ғылымдарының докторы, профессорАбай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті
(Қазақстан, Алматы қ.), e-mail: bkasym_gosyaz@mail.ru²PhD докторант, Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті
(Қазақстан, Алматы қ.), e-mail: erkenazkz@mail.ru³PhD, аға оқытушы, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
(Қазақстан, Алматы қ.), e-mail: marzhan.taldybayeva@ayu.edu.kz**ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫ ӘРЕКЕТТІ БІЛДІРЕТІН ЕТІСТІКТЕРДІҢ МАҒЫНАСЫ**

Аңдатпа. Мақалада адам санасы, ойы, тілінен анықталатын адамның интеллектісін білдіретін етістіктер қарастырылады. Тілдегі интеллект әрекеті күнделікті қолданылатын сөздердің табиғатында өмір сүреді; адамның өзін-өзі таныған ой жүйесінің тілдік көрінісі ұқсату (ассоциация), теңеу-сипаттаулар арқылы байқалып, этностың өзіндік дүниетанымын сипаттайды, күрделі сана болмысын тануға жетелейді.

Автор *саң* сөзінің ес, ақыл мағынасын беретін *сана* сөзімен және «ойлану» мәніндегі *сан* түбірімен ортақ негізден тарауы мүмкін деген гипотезаны ұсынады; жалпы *саңлақ* атауының түбірі *саң* - адамның ақыл ерекшелігіне қатысты деген пікір талданады. Зерттеу тұрғысынан *ақыл* лексемасының өзге тілден енгенін ескере отырып, адамның айналасын танып-білуге ұмтылған саналы әрекетін сипаттайтын ұғымдар түркілік деректерден де молынан табылатыны көрсетіледі; бұл интеллект қырларының бірін бейнелейтін етістіктердің айқын семантикалық тобы барын дәлелдейді.

Зерттеудің мақсаты – қазақ тіліндегі интеллектілік әрекетті білдіретін етістіктердің тұтастай жүйесін сипаттау, олардың түбіртанымдық байланысын (*саң/сан/сана*), семантикалық өрісін және когнитивтік-прагматикалық қызметін айқындау.

Ғылыми маңыздылығы – қазақ дүниетанымындағы ақыл, сана, таным ұғымдарының тілдік репрезентациясын тарихи-этимологиялық және когнитивтік тұрғыдан ықшам модельге түсіріп, интеллект семантикасын сипаттайтын етістіктердің типологиясын жасауынан көрінеді.

Практикалық құндылығы – ЖОО-да құзыреттілікке бағытталған оқытуда қазақ тілін мамандыққа сай меңгертетін оқу-әдістемелік модульдер, тапсырмалар мен мәтіндер құрастыруға, білімалушылардың лингвистикалық, интеллектуалдық-дүниетанымдық, коммуникативтік-прагматикалық құзыреттері мен сыни ойлауын дамытуға нақты негіз бола алады.

*** Бізге дұрыс сілтеме жасаңыз:**

Қасым Б., Мамадиярова Н., Талдыбаева М. Интеллектуалды әрекетті білдіретін етістіктердің мағынасы // *Ясауи университетінің хабаршысы*. – 2025. – №4 (138). – Б. 29–43. <https://doi.org/10.47526/2025-4/2664-0686.271>

***Cite us correctly:**

Qasym B., Mamadiarova N., Taldybaeva M. Intellectually areketti bildiretin etistikterdin magynasy [Meaning of Verbs Expressing Intellectual Activity] // *Iasau universitetinin habarshysy*. – 2025. – №4 (138). – B. 29–43. <https://doi.org/10.47526/2025-4/2664-0686.271>

Мақаланың редакцияға түскен күні 12.09.2025 / жарияланған күні 30.12.2025

Жұмыста мәтіндік корпустар, тарихи сөздіктер мен этимологиялық дереккөздерден жиналған материал талданып, семантикалық-өрістік топтастыру, компоненттік талдау және концептологиялық модельдеу тәсілдері ұштастырылады.

Зерттеу барысында анықталған нәтижелер: интеллектілік әрекетті білдіретін етістіктердің өзекті микрожүйесі, олардың мәдени-таңбалық қабаттары мен қолданыс жиілігі анықталып, оқу мақсаттарына бейімделген терминдік-анықтамалық кестелер әзірленеді. Бұл база мектеп пен ЖОО бағдарламаларына кіріктіріліп, тілдік құзыреттілікті өлшейтін критерийлерді нақтылауға және пәнаралық интеграцияны күшейтуге ықпал етеді.

Кілт сөздер: интеллект, сана, ақыл, семантика, етістік, этнос танымы.

B. Kassym¹, N. Mamadiyarova², M. Tal dybayeva³

¹*Doctor of Philological Sciences, Professor*

Abai Kazakh National Pedagogical University

(Kazakhstan, Almaty), e-mail: bkassym_gosyaz@mail.ru

²*PhD Doctoral Student, Egyptian University of Islamic Culture Nur-Mubarak*

(Kazakhstan, Almaty), e-mail: erkenazkz@mail.ru

³*PhD, Senior Lecturer, Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University*

(Kazakhstan, Turkistan), e-mail: marzhan.tal dybayeva@ayu.edu.kz

Meaning of Verbs Expressing Intellectual Activity

Abstract. The article examines verbs that encode human intellect as manifested through consciousness, thought, and speech. Intellectual activity in language resides in everyday lexicon; the linguistic representation of a self-aware cognitive system is expressed particularly through analogy or association, comparison, and descriptive profiling, which together articulate an ethnos's distinctive worldview and guide inquiry into the complex nature of consciousness.

The study advances the hypothesis that the lexeme *саң* may share a common base with *сана* ("memory; mind") and the root *сан* 'to reflect/ponder', and further argues that in *саңлақ* the root *саң* is associated with traits of human intelligence. Recognizing that *ақыл* is a borrowing, the article shows that lexical items describing deliberate, knowledge-seeking activity are well attested in Turkic sources and substantiate a distinct semantic group of verbs that highlights an important dimension of intellect.

The aim is to describe the Kazakh system of verbs of intellectual activity, specifying their etymological (root) linkages (*саң/сан/сана*), semantic field, and cognitive-pragmatic functions.

The work's significance lies in presenting a concise model, within a historical-etymological and cognitive framework, of the linguistic representation of mind, consciousness, and cognition in the Kazakh worldview, while proposing a typology of the relevant verbs.

Practically, the findings support the design of competency-based university modules, tasks, and texts for profession-oriented instruction in Kazakh, strengthening learners' linguistic, intellectual-worldview, and communicative-pragmatic competences, as well as critical-thinking skills.

The dataset comes from text corpora, historical dictionaries, and etymological sources; the methods employed include semantic-field grouping, componential analysis, and conceptual modeling.

Results comprise an up-to-date microsystem of verbs of intellectual activity, a detailed description of their cultural-symbolic layers and usage patterns, and terminology/handbook tables adapted for teaching. This resource can be integrated into school and university curricula to clarify language-competence criteria and foster interdisciplinary integration.

Keywords: intellect, consciousness, mind, semantics, verb, ethnic perception.

Б. Касым¹, Н. Мамадиярова², М. Талдыбаева³¹доктор филологических наук, профессор*Казахский национальный педагогический университет имени Абая
(Казахстан, г. Алматы), e-mail: bkasym_gosyaz@mail.ru*²PhD докторант, Египетский университет исламской культуры Нур-Мубарак
(Казахстан, г. Алматы), e-mail: erkenazkz@mail.ru³PhD, старший преподаватель*Международный казахско-турецкий университет имени Ходжи Ахмеда Ясави
(Казахстан, г. Туркестан), e-mail: marzhan.taldybayeva@ayu.edu.kz***Значение глаголов, обозначающих интеллектуальную деятельность**

Аннотация. В статье рассматриваются глаголы, обозначающие интеллект человека, определяемый по его сознанию, мышлению и речи. Интеллектуальная деятельность в языке «живет» в природе повседневно используемых слов; языковая репрезентация самопознанной мыслительной системы человека проявляется через уподобления (ассоциации), сравнения и описания, характеризуя самобытную картину мира этноса и ведя к постижению сложной природы сознания.

Автор выдвигает гипотезу о возможном восхождении слова *саң* к общей основе со словом *сана* ('память, разум') и корнем *сан* в значении «размышлять»; анализируется также мнение, что у наименования *саңлақ* корень *саң* соотносится с особенностями человеческого ума. С учётом того, что лексема *ақыл* является заимствованием, показывается, что понятия, описывающие сознательную деятельность человека, стремящегося познать окружающий мир, в изобилии засвидетельствованы и в тюркских источниках; тем самым доказывается наличие выраженной семантической группы глаголов, репрезентирующих один из аспектов человеческого интеллекта.

Цель исследования — описать целостную систему глаголов, выражающих интеллектуальную деятельность в казахском языке, выявив их этимологические (корневые) связи (*саң/сан/сана*), семантическое поле и когнитивно-прагматические функции.

Научная новизна и значимость работы заключаются в том, что языковая репрезентация понятий разум, сознание и познание в казахской картине мира сводится к компактной историко-этимологической и когнитивной модели, а также создаётся типология глаголов, описывающих семантику интеллекта.

Практическая ценность состоит в возможности конструировать для вузов компетентностно-ориентированные учебно-методические модули, задания и тексты, обеспечивающие профессионально-ориентированное освоение казахского языка и развитие у обучающихся лингвистических, интеллектуально-мировоззренческих и коммуникативно-прагматических компетенций, а также навыков критического мышления.

В работе анализируется материал, собранный из текстовых корпусов, исторических словарей и этимологических источников; применяются семантико-полевое группирование, компонентный анализ и концептуальное моделирование.

Полученные результаты: выявлена актуальная микросистема глаголов интеллектуальной деятельности, описаны их культурно-символические слои и частотность употребления, подготовлены терминологическо-справочные таблицы, адаптированные к учебным целям. Данная база будет интегрирована в школьные и вузовские программы, что позволит уточнить критерии оценки языковой компетенции и усилить междисциплинарную интеграцию.

Ключевые слова: интеллект, сознание, разум, семантика, глагол, этническое восприятие.

Кіріспе

Бүгінгі таңда тіл білімін зерттеу мен зерделеу кешенді антропологиялық парадигма аясында орнықты. Бұл үрдіс заман келбетінде адамзат әрекеті қалыптастырған жаңа құндылықтардың маңыздылығының артуымен сабақтас: жаңа құндылықтар жүйесі жаңа ойлау мен жаңа сананы талап етеді. Дүниенің орталығына адам әлеуеті қойылған ғылыми-әдістемелік теориялар тіл білімінде де зерттеу нысаны мен әдісіне айналып, тілдік дерек арқылы адам болмысын тануға бағытталды. Сол нысандардың бірі – адамның санасы, ойы, тілінен айқындалатын интеллект. Интеллектуалды әрекет тілдің өз ішкі табиғатында, яғни күнделікті қолданыстағы сөздік қорда «өмір сүреді» және сол табиғи ортада көрініс табады.

Оны анықтамас бұрын, философиялық әдебиеттегі іргелі ұстанымдарға назар аударайық: «*Интеллект* – (от лат. intellectus – познание, понимание, рассудок) способность мышления, рационального познания, в отличие от таких, как напр., душевных способностей, как чувство, воля, интуиция, воображение и т.п. Термин «интеллект» представляет собой лат. перевод др. – греч. понятия нус (ум) и по своему смыслу рождествен ему» [1, 120-б.]. *Интеллект* – основной мыслительный процесс; рассудок и разум – две уровни мыслительной деятельности» [2, 70-б.]. Бұл және өзге анықтамалар интеллектінің адам бойындағы жүйке жүйесінің күрделі, көзге көрінбес өзара байланыстарымен түйісетін саналы іс-әрекет екендігін, демек оның жалпы негізін ұғымдық-категориялық тұрғыдан дәл анықтау – күрделі ғылыми мәселе екендігін көрсетеді.

Лингвистикалық тұрғыдан интеллект - когнитивтік жүйенің тіл арқылы көрінетін қыры. Тіл ойлаудың «ізін» сақтайды және оны құрылымдайды: қабылдау, назар, ес, қиял, пайым, абстракция, категориялау, дәлелдеу, шешім қабылдау сияқты танымдық операциялар вербалданғанда, ең алдымен етістіктер арқылы кодталады. Осы себепті етістіктер жүйесі интеллектуалды әрекеттің динамикасын (үдерістік сипатын), кезеңдері мен амал-тәсілдерін бейнелеуде басты қызмет атқарады. Мұнда метафоралану, ұқсату (ассоциация) және теңеу-сипаттау тегіктері белсенді іске қосылып, этностың дүниетанымдық модельдерін, мәдени-танбалық қабаттарын тілдік формаға айналдырады.

Осы ғылыми контекст аясында жазылған зерттеу жұмысы интеллектуалды әрекетті вербалдайтын қазақ тіліндегі етістіктердің семантикалық табиғатын, олардың мағыналық өрісін және когнитивтік-прагматикалық қырларын кешенді талдауға ден қояды. Мәселенің өзектілігі – антропологиялық парадигмада тілдің адам танымын танытатын негізгі арна екендігінде және осы арнада етістіктердің ойлау үдерістерін дәл әрі нәзік бейнелейтін әмбебап құрал ретіндегі рөлінде. Демек, интеллектуалды әрекетті білдіретін етістіктерді жүйелі сипаттау қазақ тіл білімінде когнитивтік модельдерді нақтылауға, ұлттық дүниетанымның тілдік репрезентациясын терең түсіндіруге және білім беру кеңістігіндегі құзыреттілікке бағытталған мазмұнды байытуға негіз болады.

Зерттеу жұмысының негізгі мақсаты – қазақ тіліндегі интеллектуалды әрекетті білдіретін етістіктердің мағыналық табиғатын, шығу тегін, тілдік жүйедегі орнын және семантикалық өрісін тұтас сипаттау. Бұл мақсат интеллектуалды әрекеттің тілде қалай вербалданатынын, қандай түбірлік-этимондық негіздерге сүйенетінін, мағыналардың қандай контекстік-прагматикалық шарттарда іске қосылатынын және осының бәрінің қазақ тілінің антропоөзекті парадигмасындағы орнын анықтауды көздейді. Аталған мақсатқа жету жолында төмендегі міндеттер негізге алынды:

1. Етістіктердің түбірлік-туындамалық құрылымын, тарихи қабаттарын (түркілік негіздер мен ықтимал кірме элементтерді), семантикалық өрісін және жүйелік байланысын (синонимдік, антонимдік, гипо-/гиперонимдік қатынастар) айқындау; валенттілік, аспектуалдылық, модалдылық сияқты грамматикалық-прагматикалық сипаттамаларын контекст ауқымында көрсету;

2. Интеллектуалды етістіктерді семасиологиялық тұрғыдан қарастырып, сөйлеушінің функционалдық қызметі (ниет, мақсат, бағалау, дәлелдеу) негізінде мән-мазмұннан туындайтын семантикалық саралауды жүргізу; дискурс түрлері (ғылыми, публицистикалық, көркем, ауызекі) мен регистрлерге қарай мағына реңктерінің, полисемия мен семантикалық ауысымдардың (метафора, метонимия) іске асу тетіктерін айқындау;

3. Интеллектуалды әрекетке қатысты ұғымдардың тілдік таңбаларға айналу жолдарын (ономасиологиялық модельдер, атау беру мотивтері, деривациялық үлгілер) анықтау; бұл таңбалардың ұлттық дүниетаным тұрғысынан танылып-түсіндірілетінін дәлелдеп, мәдени-таңбалық қабаттармен (когнитивтік метафоралар, концептілік рамкалар) байланысын көрсету.

Осы мақсат пен міндеттерді жүзеге асыру мәтіндік корпустар, тарихи және этимологиялық сөздіктер материалдары негізінде семантикалық өрістік талдау, компоненттік талдау және контекст-прагматикалық сипаттама әдістерін ұштастыра отырып орындалады.

Зерттеу әдістері мен материалдар

Зерттеудің материалдық базасын қазақ тіліндегі жазба және ауызша мәтіндердің әр түрлі жанрларын қамтитын корпустық деректер, тарихи-этимологиялық және түсіндірмелі сөздіктер, сондай-ақ оқу-әдістемелік корпустар құрайды. Іріктеу бірліктері ретінде интеллектуалды әрекетті вербалдайтын өзек етістіктер (мыс., *білу, түсіну, ұғу, ойлау, пайымдау, еске алу, қорыту, байқау, аңғару, дәлелдеу, шешу*, т.б.) таңдалып, олардың сөзжасамдық варианттары мен тұрақты тіркестердегі қолданысы да есепке алынды. Репрезентативтілік үшін мәтін көздері функционалдық стильдер (ғылыми, публицистикалық, көркем, ресми, ауызекі) бойынша жинақталды.

Ағылшын тіл білімінде менталды (propositional attitude) етістіктердің мағынасы, ең алдымен, олардың комплементтік (толықтауыштық) құрылымымен байланыста сипатталады: *think, believe, want, know* секілді етістіктердің фактіні бекітетін (factive) не бекітпейтін (non-factive) қасиеті мен имплицативтік салдарлары (*manage to, fail to*, т.б.) «that-клаузалардың» таңдалуымен, валенттілікпен және сөйлемдегі ақиқаттылық/фактілікпен жүйелі түрде сәйкестендіріледі.

Классикалық деңгейде имплицатив етістіктердің шындық мәніне әсері сипатталса, қазіргі эмпирикалық жұмыстар синтаксистік таралу бойынша семантикалық айырмашылықтарды сандық тәсілмен қалпына келтіруге болатынын көрсетеді: 30-ға жуық ағылшын етістігінің синтаксисі мен мағынасы қабылданым/ұқсастық өлшемдері арқылы дәл байланыстырылған [3, 344-б.]. Нәтижесінде ағылшын тіліндегі менталды етістіктер мағынасы толықтауыштық құрылымды таңдауымен, ақиқаттылық және прагматикалық реңктермен бірге қарастырылғанда айқынырақ ашылады [4, 427-б.].

Тіл игеру мен таным тұрғысынан алғанда, ағылшын зерттеулері балалардың менталды етістіктерді синтаксистік «bootstrapping» арқылы меңгеретінін көрсетеді: толықтауыштық бағыныңқы сөйлем үлгілері балаға *think/know/want* мағыналарын жіктеуде тірек болады [5, 198-б.].

Перцептив етістіктер (*see that*) мен менталды етістіктер (*think that*) арасындағы ортақ семантикалық-синтаксистік негіз игеру үдерісінде дәнекер қызметін атқаратыны да эксперименттік түрде дәлелденген [6, 18-б.].

Сонымен қатар, толықтауыштық сөйлемдерді түсіну деңгейі «өзге адамның сенім/нанамын бағамдау» сияқты дағдыларын алдын ала болжауға мүмкіндік беретіні көрсетілді. Яғни ағылшын тілдік ортада интеллектуалдық күй көбіне субъектінің көзқарасын пропозиция түрінде беретін толықтауыштық құрылымдар арқылы модельденеді [7, 103-б.].

Орыс тіл білімінде аталған мәселе логика-семантикалық және лексика-грамматикалық қырлардан дамыды. Ғалым Н.Арутюнова факт, предикация және «ұсыныс/пропозиция» қатынастарын жүйелеп, орыс тіліндегі комплементтік құрылымдардың мағыналық типтермен сәйкестігін негіздеді [8, 36-б.].

Зерттеуші Е.Падучева менталды/перцептив предикаттардың лексикалық семантикасын, оқиға құрылымын және грамматикалық мінез-құлқын динамикалық модельдермен сипаттады [9, 36-б.]. Ал, ғалым А.Зализняк ішкі күй предикаттарының семантикалық компоненттерін талдап, «білім-пікір» айырмасын айқын ұсынды [10, 147-б.].

Ю. Апресян интегралды сипаттама шеңберінде «знать» тәрізді білім предикаттарының сөздік-бап деңгейіндегі семантикалық айырмаларын көрсетті [11, 203-б.]. Г. Кустова менталды предикаттардың корпустық үлгілерін (вводные/парентетикалық қолданыстар, валенттілік, коммуникативтік мәртебе) нақтылады [12, 70-б.].

Қазіргі кезеңде орыс тіл біліміндегі зерттеулер корпус деректеріне сүйеніп, менталды етістіктердің семантикалық жіктелістерін (білім/пікір), валенттік-комплементтік үлгілерін және веридикалдық (ақиқаттылық) пен прагматикалық реңктердің өзара байланысын эмпирикалық негізде нақтылап келеді. Практикалық тұрғыдан бұл жұмыстар сөздік жасауда, синтаксистік сипаттама мен дискурс талдауда ортақ терминологиялық негіз береді. Нәтижесінде интеллектуалдық әрекетті білдіретін етістіктердің мағынасы орыс тілінде де семантикалық тип, комплементтік таңдау және ақиқаттылық параметрлері бойынша біртұтас жүйе ретінде қарастырылады.

Қазақ тіл білімінде интеллектуалдық әрекетті білдіретін етістіктер жайындағы түсініктердің іргесін Ахмет Байтұрсынұлы қалады. Ғалым «Тіл-құралда» етістік жүйесін тұлғалық категориялармен қатар мағыналық белгі бойынша түсіндіріп, қимыл-әрекеттің ішкі және сыртқы көріністерін айыруға негіз болатын сипаттаманы ұсынды. Кейінгі талдауларда А. Байтұрсынұлының «Тіл-құрал» еңбегінде етіс, рай, есімше, көсемше сияқты тарауларды мазмұннан тұлғаға қарай сипаттағаны, яғни семантиканы алғы шепке шығарғаны атап көрсетілді. Бұл ұстаным қазақ етістігінің ішкі күй – ойлау, қабылдау, түсіну сияқты мағына өрістерін даралап қарастыруға теориялық негіз болды [13, 149-б.].

Қ. Жұбанов еңбектерінде тілдік құралдарды танымдық тұрғыдан қарау үрдісі күшейді. Тілдік құбылыстарды мағыналық-қызметтік жағынан жүйелеу қажеттігін көрсетіп, лексика-грамматикалық сипаттаманы адам санасының категорияларымен ұштастырудың үлгісін ұсынды [14, 78-б.].

Морфологияға арналған кейінгі іргелі еңбектерде Ахмеди Ысқақов етістіктерді семантикалық жақындығына қарай топтастыруға болатындығын көрсетіп (мыс., ойлау/білу/түсіну типіндегі ішкі әрекет етістіктері), валенттілік пен тұлғалық көрсеткіштердің мағынаны айқындаудағы ролін нақтылады. Бұл менталды мағынадағы етістіктерді жеке өріс ретінде бөліп қарауға мүмкіндік берді [15, 91-б.].

Ғалым С. Исаев лексикалық мағына мен грамматикалық мағынаның шегін дәл айқындап, ұғымдық (концептуал) мазмұнды - соның ішінде «білу», «түсіну», «ойлау» сияқты етістіктердегі мазмұнды - грамматикалық тұлғадан ажыратып сипаттаудың өлшемдерін берді [16, 151-б.].

Ы. Маманов етістіктің аналитикалық құрылымдарын (күрделі етістіктер, көмекші етістіктер) мағыналық қырларымен байланыстыра талдап, менталды процестердің (ойлай қал, есіне түсір, т.б.) динамикасын көрсететін тілдік модельдердің аясын кеңейтті [17, 230-б.].

Қазіргі кезеңде лексикалық семантика бағытында М. Оразов «Қазақ тілінің семантикасы» атты монографиясында сөз мағынасының құрылымын (денотативтік/сигнификативтік қабаттар), олардың жүйелік қатынастарын және семантикалық өрістерін жан-жақты негіздеді. Бұл үлгі менталды етістіктердің (білу, түсіну,

ұғу, ойлау, аңғару) семантикалық дифференциалдарын, олардың тілдік-когнитивтік репрезентациясын көрсетуге мүмкіндік берді [18, 87-б.].

Жинақтап айтқанда, іргелі еңбектердегі мағыналық ұстаным, танымдық жүйелеу, морфология-семантика түйісуі, мағына-тұлға шегарасын дәлдеу, аналитикалық үлгілер арқылы динамиканы ашу және жалпы семасиологиялық теориялау қазақ тіліндегі интеллектуалдық әрекетті білдіретін етістіктерді дербес семантикалық өріс ретінде сипаттаудың тұғырын қалыптастырды.

Талдау мен нәтижелер

Интеллект – адамның дүниені жай ғана қабылдау сезімдері мен рефлекстерінен бастап, танымның жоғарғы деңгейдегі операцияларына (ұғым қалыптасуы, білім алу) дейін жететін, адамның қоршаған ортамен қарым-қатынасындағы тепе-теңдікті сақтайтын ішкі дүниесінің қалыптасу тетігі.

Жазба әдебиет кейінірек қалыптасқан халықтарда фольклор сол кезеңнің өткен уақыттың ой-жүйесін тануға жетелейтін дерек көзі екендігі этнос мәдениетіне қатысты зерттеулерде айтылады. Ғасырдан ғасырға жеткен ауыз әдебиеті үлгілерін сараланғанда, ақыл сипаты ерлігімен, кемеңгерлігімен ел есінде сақталған асқан дара тұлғадарды сипаттаудан табылады. Ол сипат болмыс дүниесінің, кеңдік, биіктік секілді жоғары тұрған өлшемдерімен берілген. Демек, адамның өзін-өзі таныған ой жүйесінің тілдегі көрінісі *ұқсату* (ассоциация), теңеу-сипаттаулар арқылы көрініп, этностың өзіндік дүниетанымын сипаттайды. Ол құрылымы күрделі сана болмысын тануға жетелейді.

Тілдің синхронды сипатында термин ретінде жұмсалып, психиканың ең жоғарғы деңгейін сипаттайтын ұғымның тіл тарихындағы қолданысы адам бойындағы танымдық қуатты бейнелейді. Ол сөз мағынасының дамып, кеңеюмен байланысты тілдегі *гомогенді* қатарды байытатын лексемелардың бірі деген ой тұжырымдадық.

«*Ілімге толса көкірек, ашылар көзі сананың*» деген жыраулар поэзиясынан жеткен сөз өрнегі адамзат интеллектісінің түп-тамырын ашуға ұмтылған терең философиялық пайым. Бұл тіркес білімнің сыртқы көлемдік сипатынан гөрі, ішкі сана-сезім, дүниетанымдық көкжиегі кеңейгенде ғана нағыз интеллектуалды қабілеттің оялатынын меңзейді. Жыраулар поэзиясында сана, ақыл, зерде секілді ұғымдар адам мен әлемнің байланысын түсіндіретін негізгі категориялар ретінде көрінеді.

Мысалы, Бауыржан Момышұлының «*Құдай санасына бермесе, оқығаннан да болмайды білем*» және «*Айнала айтқанда, құдай сана берсін десейші*» деген пайымдары қазақ дүниетанымындағы сананың екі қыры барын айқындайды: біріншісі - туа біткен, Жаратушыдан берілген зерде, екіншісі - жинақталатын білім арқылы дамитын интеллект. Бұл ой ежелгі түркілік дүниетанымдағы «ақыл - Алланың сыйы» қағидасымен үндес келеді. Осы тұрғыдан сана мен білімнің арақатынасы психологиялық тұрғыда да, тілдік семантикада да ажыратылып қарастырылады.

Қазақ тіліндегі интеллектуалды әрекетті білдіретін етістіктер - *ойлау, түсіну, зерделеу, тану, пайымдау, бағамдау, болжау, ұғыну, сезіну, қорыту* сияқты тілдік бірліктер – адамның когнитивтік қабілетін, яғни ақпаратты қабылдау, өңдеу және сақтау процестерін бейнелейді. Бұл етістіктердің семантикалық өрісі кең:

- Танымдық мәндегі етістіктер: *таны, түсін, зерде* – ақпаратты қабылдау және ұғыну актісін білдіреді.

- Бағалау әрекеттерін білдіретіндер: *пайымда, бағамда, қорыта біл* – алынған білімді сараптап, логикалық қорытындыға келуді білдіреді.

- Интуитивті интеллектуалды процестер: *сезіну, шамалау, болжау* – тәжірибелік дерекке сүйенбей, алдын ала ой түюді көрсетеді.

Бұл етістіктердің түбірлік құрылымына назар аударсақ, көпшілігі көне түркі түбірлеріне барып тіреледі. Мысалы, «түсін» етістігі түркілік *tüş* (көру, сезу) түбірінен тарайды, бастапқыда «көру арқылы ұғыну» мағынасын берген. «Пайымда» етістігі парсы тілінен енген *фахм* (түсіну, аңғару) сөзінің фонетикалық бейімделуі, ол кейін қазақ тілінде терең логикалық мәнге ие болған. Осы деректер етістіктердің семантикалық дамуы тек тілдік жүйе шеңберінде ғана емес, мәдени-тарихи ықпалдармен де байланысты екенін көрсетеді.

Интеллектуалды етістіктердің қолданылуы көбіне прагматикалық контекстке тәуелді. Мысалы, «санасы ашылды» тіркесі бір жағынан «дүниетаным кеңейді» дегенді білдірсе, екінші жағынан «ақыл-ой қабілеті оянды» мағынасын да қамтиды. «Зерделеу» етістігі ғылыми дискурста деректерді терең талдауды білдірсе, ауызекі сөйлеуде ол «мән-мағынасын түсіну» деңгейінде жұмсалады. Мысалы: Ғылыми стильде: «Ғалым этнографиялық деректерді зерделеп, танымдық категорияларды анықтады». Ауызекі стильде: «Бұл мәселені толық зерделеп көрдің бе?». Сол сияқты, «пайымдау» мен «бағамдау» етістіктерінің де мәндік өрісі контекстке қарай өзгеріп отырады. Олар ойлау әрекетінің логикалық құрылымын нақтылап, адам санасындағы ұғыну мен түсінудің бірнеше деңгейін айқындайды.

Сана адам жаратылысының ой жүйесіндегі күрделі құрылымдардың бірі ретінде қазақ тілінің көркем мәтіндерінде терең философиялық мазмұнда суреттеледі. Мысалы, «Қыз Жібек» жырындағы: «Сол күнде атасының көзі көр болып, көңілі жер болып, Төлегеннің қасіретінен санаменен сарғайып, қайғыменен қарайып жатады екен» деген жолдарда сана адамның ішкі рухани әлеміндегі ауыр күйзеліс пен жан қасіретінің өзегінде тұрған негізгі ұғым ретінде қолданылады. Мұндағы *санаменен сарғаю* тіркесі адамның интеллектуалды деңгейде қабылдайтын терең сезімін білдіреді.

Сол сияқты халық әндеріндегі «Түскенде сен есіме, беу, қарағым, сағынып, сарғаямын санаменен» немесе М. Әуезов шығармаларындағы «Мен сағыныш пен санадан сарғайдым» тіркестері сана мен сезімнің ажырамас байланысын көрсетеді. Бұл мысалдарда сана тек ойлау әкiсi ғана емес, сонымен қатар эмоционалды және танымдық жүйелердің түйісетін орталығы ретінде бейнеленеді. Сөйтіп, сана адамның интеллектуалды әрекетін ғана емес, оның эмоционалды сезіну қабілетін де тілдік деңгейде айқындайды.

Жоғарыда келтірілген мысалдарда *сарғаю*, *сағыну*, *сарғаю санамен* секілді тіркестер адамның күрделі когнитивті-сезімдік процестерін көрсететін етістіктер қатарына жатады. Мұндай етістіктердің семантикалық өрісі бір мезгілде екі деңгейлі:

- а) Эмоционалды мәні: сағыныш, мұң, қасірет, жүрек түкпірінен оялатын сезімдер;
- ә) Интеллектуалды мәні: өткенді еске алу, ойға шому, санада бейнелерді жаңғырту.

Мысалы, «санамен сарғаю» тіркесі адамның ойлау әрекетіне сүйене отырып, белгілі бір эмоционалды жағдайға түсуін білдіреді. Бұл етістіктердегі сана мен сезім байланысы поэтикалық мәтінде когнитивті процестердің көрінісін тілдік тұрғыда бейнелейді. Осыдан тілде интеллектуалды әрекетті білдіретін етістіктердің тек логикалық ойлауға ғана емес, эмоция мен танымның түйісуіне қызмет ететінін байқаймыз.

Қазақ тіліндегі сана мен ақыл категориясының көне лексикалық қабатында ерекше мәнге ие бірлік – *аң* сөзі. ҚТДС-де оның «ес, ақыл» мағынасында қолданылатыны тіркелген [19, 55-б.]. Туыстас түркі тілдеріндегі деректерге сүйенсек, *аң* / *анг* / *аңг* тұлғалары да «сана», «зерде», «ойлау» ұғымдарымен байланысты. Бұл деректер интеллектуалды әрекетті бейнелейтін сөздердің семантикалық дамуының терең тарихи негізі бар екенін дәлелдейді.

Аңғару етістігінің де түбірінде осы *аң* сөзі жатыр. Ол бастапқыда «сезіну, аңдау» мағынасында қолданылып, кейін «ұғыну», «зерделеу» мәнінде дамыды. Бұл тілдік өзгеріс адамзаттың ойлау жүйесіндегі когнитивті процестердің қалыптасу эволюциясын көрсетеді. Осы тұрғыдан алғанда, «аң» лексемасы қазақ дүниетанымында сана мен ақылдың түп негізін сипаттайтын маңызды когнитивтік концепт болып табылады.

М. Балақаев өзінің әдеби тілдегі диалектизмдер жайлы еңбегінде: «*Тілдегі диалектілік құбылыстардың бір қыры халықтың тарихымен тығыз байланысында жатыр*» деп атап көрсетеді [20, 45-б.]. Бұл пікірді сана мен интеллектуалды әрекетке қатысты лексемаларды талдауда да қолдануға болады. Өйткені «аң» сияқты көне мағыналы сөздердің қазіргі әдеби тілде сақталуы халықтың дүниетанымдық тәжірибесінің сабақтастығын дәлелдейді.

Жергілікті тіл ерекшеліктерінде «аң» мағынасының сақталуы – адамның ойлау жүйесін сипаттайтын тарихи-мәдени таңбалардың тілдік бейнесі. Осы арқылы тіл тек қарым-қатынас құралы ғана емес, халықтық дүниетанымның, когнитивтік модельдердің, ойлау схемаларының сақтаушысы екенін аңғарамыз.

Қазақ тілінің антропоэзекті парадигмасы тіл мен танымның өзара байланысын адам болмысы тұрғысынан қарастырады. Интеллектуалды әрекетті білдіретін етістіктер – осы парадигманың негізгі концептілік өрістерінің бірі. Себебі олар адамның ішкі когнитивтік процестерін ғана емес, мәдени дүниетанымдық құндылықтарды да тілдік формада сақтап жеткізеді.

«Сана» ұғымының құдайдан берілуі немесе адамның өзіндік еңбегі арқылы қалыптасуы туралы пікірлер қазақ философиясында ғана емес, тілдік деректерде де көрініс тапқан. Жыраулар поэзиясындағы «көңілдің көзі», «сананың оянуы», «ақылдың шамы» секілді метафоралар тілдік бейнелеудің көрнекі үлгісі болып табылады.

Сананы сипаттайтын етістіктер мен диалектілік бірліктерді талдау қазақ тіліндегі интеллектуалды әрекеттің вербалдануының күрделі жүйесін ашады. «Сарғаю», «сағыну», «аңғару» сияқты сөздер адамның эмоционалды күйін ғана емес, когнитивті процестердің де бейнесін жасайды. Сөйтіп, сана мен ақылдың тілдік жүйеде көрініс табуы қазақ дүниетанымындағы адам болмысының, ойлау мен сезімнің тұтастығын көрсетеді.

С.Аманжолов еңбегінде тілдің диалектілік ерекшеліктерін жинақтау барысында *саң* сөзінің «ес, ой» (*память, мысль*) мағынасында қолданылатыны көрсетіледі. Бұл дерек қазақ тілінің тарихи-лексикалық жүйесіндегі маңызды қабатты аңғартады. *Саң* сөзі қазіргі әдеби тілде жеке қолданылмайды, алайда оның ізі «саңы ауу» (*бір нәрсеге ерекше ықылас, құштарлық білдіру*) тіркесінде сақталған [21, 403-б.]. Бұл – көнерген, семантикалық белсенділігін жоғалтқан, бірақ тарихи-этимологиялық негізін айқын сақтаған түбірлердің бірі.

Кейбір зерттеулерде *саң* лексемасының мағыналық табиғаты «сана» сөзімен, сондай-ақ «ойлану» мәнін білдіретін *сан* түбірімен байланыстырылады. Осы тұрғыдан қарағанда *сана*, *саң*, *сан* формаларының ортақ түбірден тарауы мүмкін деген болжам лингвистикалық тұрғыда қисынды. Бұған қосымша, *саңлақ* сөзінің түбірі де «саң» сөзіне барып тіреледі, ал оның мағынасы «адамның ақыл ерекшелігі», «зерек, алғыр» дегенді білдіреді [22, 271-б.]. Бұл деректер «саң» сөзінің қазақ дүниетанымындағы танымдық және интеллектуалдық әрекеттердің атауын құраушы тарихи негіздердің бірі екенін дәлелдейді.

А.Байтұрсынұлының еңбегінде кездесетін: «*Әр нәрсені саңлап, санамызға алған уақытта ол нәрселері турасындағы ұғымдарымызға көңіл кіріспей тұрмайды*» деген сөйлемде *саңлап* сөзі «аңдап, зерделеп, бақылап қабылдау» мағынасында қолданылған [13, 89-б.]. Бұл жерде *саңлау* әрекеті адамның когнитивтік қызметінің маңызды қырын бейнелейді:

- а) Саңлап – сыртқы әлемді бақылау, ақпаратты қабылдау;
- ә) Санамызға алу – қабылданған ақпаратты ұғыну, санада орнықтыру;
- б) Көңіл кіріспей тұрмайды – алынған ақпараттың эмоционалды-құндылықтық өңделуін білдіреді.

Осы үш деңгей адам когнитивті жүйесінің тұтас құрылымын сипаттайды: ақпараттың қабылдануы, ұғынылуы және бағалануы. Демек, *саң* түбірінен туындайтын сөздер тілдік

жүйеде тек жеке лексикалық мәнді емес, адам ойлау жүйесінің динамикасын сипаттайтын когнитивтік құрал қызметін атқарады.

Саң, сан және сана сөздері тарихи-этимологиялық тұрғыда өзара байланысты бір өрісті құрайды. Олардың ортақ семантикалық өзегі – «ойлау», «зерделеу», «ақыл арқылы тану» әрекеттерін білдіру:

Саң – ежелгі түбір, бастапқыда «ес, ой, зерде» мәнінде қолданылған;

Сан – «ойлау», «есептеу», «реттеу» сияқты логикалық қызметтерді білдіреді;

Сана – қабылданған ақпаратты реттеп, жүйелеп, нәтижесінде ұғым қалыптастыратын күрделі танымдық құрылым.

«Саң» лексемасының диалектілік қабаттағы сақталуы қазақ тілінің тарихи-мәдени қазынасындағы ерекше этнолингвистикалық мәнге ие. М.Балақаев атап өткендей, диалектілік құбылыстар халықтың өткен жолын, дүниетанымын, танымдық дәстүрін танытатын көрсеткіш болып саналады. Осы тұрғыдан «саң» сөзі – халықтың ойлау ерекшелігі мен танымдық тәжірибесінің тілдегі куәсі.

«Саң» түбірінің тарихи қызметін зерттеу арқылы біз қазақ халқының когнитивтік модельдерінің қалыптасу кезеңдерін де байқаймыз. Мәселен, «саңлап», «санамызға алу» сияқты тіркестер адамның әлемді қабылдауы мен ұғынуының біртұтас жүйесін көрсетеді. Бұл тілдегі танымдық процестердің бейнесі ғана емес, этностың дүниетанымдық ерекшелігін айғақтайтын этнолингвистикалық дерек болып табылады.

Зерттеу тұрғысынан *ақыл* сөзінің өзге тілден енгенін ескере отырып, адамның айналасын танып-білуге ұмтылған саналы әрекетін сипаттайтын ұғымдарды түркі тілді деректерден де саналы әрекетін сипаттайтын ұғымдарды түркі тілді деректерінен де көруге болады. Мұндай тарихи тілдік деректерді ізденістеру барысында көне түркі жазба ескерткіштерінің тілін зерттеушілер еңбектерінде орхон-енисей ескерткіштерінде *аң* сөзі ақыл-ой ұғымын береді деп көрсетілген [23, 359-б.].

Э. Севортянның «Этимологический словарь тюркских языков» еңбегінде *а:ң / а:n* тұлғаларының қарашай-балқар, қырғыз, қазақ, ноғай, қарақалпақ, татар, башқұрт, ұйғыр тілдерінде «сана, көңіл, ес» ұғымын білдіретіні келтірілген [24, 153-б.]. Бұл дерек «аң» түбірінің түркі тілдерінің көпшілігінде ортақ когнитивтік мағынаға ие көне қабат екенін дәлелдейді. Яғни «аң» сөзі тек белгілі бір этностық немесе аймақтық ерекшелік емес, барлық түркі дүниетанымына тән, адамның ойлау, сезіну, түсіну әрекеттерінің атауы болып қалыптасқан әмбебап концепт болып саналады.

«Ескі түркі сөздігінде» де осы мағыналық сабақтастық нақты көрініс тапқан: *ana* - «разуметь, понимать», *anla* - «понимать», *anlay* - «обладающий пониманием, разумный» деп берілген [25, 46-47-б.]. Бұл деректер «аң» түбірінің ежелгі түркілік кезеңнен бастап-ақ когнитивтік, танымдық қызметті таңбалайтын негізгі лексема болғанын көрсетеді. Түркі әлеміндегі ортақ семантикалық өріс тілдің тарихи сабақтастығының, мәдени және танымдық бірлігінің айғағы.

Қазақ тілінің лексикалық жүйесінде «аң» түбірі көптеген сөздердің жасалуына негіз болып, олардың барлығы да адамның ақыл-ой, түсіну, зерделеу әрекеттерімен байланысты мағыналық өрісті құрайды. Мысалы:

- андау – бір нәрсені ой арқылы ұғу, түсіну, байқау;
- аңғару – мәнін, мазмұнын сезу, байыптау;
- аңғарым – адамның ойлау, пайымдау қабілеті;
- аңғарлы – байқағыш, зерделі, ойлы адам;
- андап сөйлеу – ой елегінен өткізіп, мағыналы сөз айту;
- аңладым (қазіргі түрік тілінде) – «түсіндім, ұқтым» мәнінде қолданылады.

Бұл сөздердің барлығында да адам санасының ақпаратты қабылдау, өңдеу және қайта жаңғырту қабілеті бейнеленеді. Демек, «аң» түбірі тек ойлау әрекетін білдірумен шектелмейді, ол когнитивтік процестердің күрделі динамикасын қамтиды: байқау → түсіну → пайымдау → қорыту → сөйлеу.

Қазақ тілінің қысқаша этимологиялық сөздігінде (ҚТҚЭС) «аңсар» сөзіне этимологиялық талдау жасалғанда, туыстас түркі тілдерінде (қырғыз, өзбек, башқұрт) *аң* – *ой*, *көңіл*, *ес*, *сана* деп келтіреді. Қазақ тіліндегі етістіктердің морфологиялық сипатына зерттеу жасалған еңбекте *аң* түбірінен → *-да* етістік тудыратын *жұрнақ*, *аңдау*, *аңдағыш*, *аңдату*, *аңдаусыз*, *аңғару*, *аңдау*, *аңсау*, *аңсар*, *аңсат* туынды түбір етістіктер тарағаны аталған. Кейбір түркі тілдерінде *түсіну*, *аңдау*, *жад* мағынасында жұмсалады. Чуваг тілінде *ан* – *ақыл*, *зейінжады*, *ес*; *аңтан кай* – *аң-таң болу*. Қарақалпақ тілінде *аң* → *сана*, *сияси сана* – *саяси сана*; 2) *ақыл*; 3) *пікір*, *ниет*. Башқұртша – *аң* – *сана*, *ес* – *аң булыу* тіркесінің мағынасы *аңдау* (*аңдап бас*, *аңдап сөйле*) деген сөздің мағынасымен барабар [26, 136-б.].

Қазақ тіліндегі *аңқау басым*, *аңқаулан*, *аң-таң болу* ← *аң* сөзімен мағыналық байланысы бар деп айтуға болады. Сондықтан да қазақ тіліндегі етістіктердің семантикалық табиғатында жасалған зерттеулерде *аңда* етістігінің бір түбірден таралуымен қатар, бір семантикалық қатарға енетіні көрсетіледі.

ҚТҚЭС-де келтірілген, тілдегі *аңдау*, *аңсар* сөздерінің мағыналық өрісі *аң* (*ақыл*, *ой*, *ес*) сөзінен таралады деп танылуы тілдің синхрондық сипатында қарастырылатын *аңғар*, *аңғарлы*, *аңғарымы күшті*, *аңса*, *аңдау* (аңысын аңдау) лексемаларының мағынасы ескітүркілік *ақыл*, *ес*, *сана* мағынасынан басталады деген ойды дәлелдей түседі. Мысалы:

Ақыл – тон, аңдағанға тозбайтұғын

Ақылдың аңдап білер алтын жезін

Сенімен сөйлесейін аңдай-аңдай (Қозы-Көрпеш).

Абайдың аңғарын жақсы түйген Дәрмен, бір байлауға бекініп те, қойған екен (М.Ә.).

Құнанбайдың мына баласын осында шақыртып алып отырған және жаңағыдай етіп бұларға танытқалы отырғанын өзгеден Қаратай бұрын аңғарған (М.Ә.).

Келтірілген жолдардағы *аңдау*, *аңғар*, *аңғару* мағыналары дүние құбылыстарын *байқау*, *бағалау*, *ой тую*, т.б. осы сияқты танымдық сатының адам сапасының (интеллектінің) күрделі құрылымының қырлары. Демек, тілдегі диалектілік лексика қатарында көрсетілген *аң* (*ақыл*, *ес*) сөзі ойлау процесінің тілдік сипатын айқындайтын жоғарыда аталған лексемалардың семантикалық ұясы деп танылады.

Қандай да бір тілдің лексиканың негізгі қазынасын құрайтын сөздер тобы адамға, оның саналы тұлға ретіндегі қалыптасу, даму, өсіп-өркендеу жолына қатысты. Адамның ой әлемімен тығыз байланыста болып, оның даму жолын танытатын келесі бір сатысы - тілдегі «ес» ұғымымен байланысты болып келеді.

Түркі тілдерінің деректерін салыстырмалы-этимологиялық тұрғыдан қарастырсақ, адам ойлауы мен когнитивтік процестерді бейнелейтін *us* / *ес* түбірінің тарихи тамыры өте тереңде жатыр. «Древнетюркский словарьда» (ДТС) *us* сөзі «думать» (ойлау, түсіну) мағынасында тіркелген [25]. Э. Севортян сөздігінде де *us* пен *ес* тұлғалары «ум, разум, память, мышление, внимание, воображение, мысль, чувство» сияқты күрделі когнитивтік мәндермен берілген [24, 311-б.]. Сонымен бірге «Ескі түркі сөздігінде» «*us*» = *думать*, *разуметь* деп түсіндіріліп, оның танымдық әрекетті білдіретін көне түбір екенін дәлелдейді [25].

Зерттеулерде бұл екі тұлғаның тарихи таралу аймақтары да нақты көрсетілген: *us* - негізінен оңтүстік-батыс түркі тілдерінде (оғыз, қыпшақ ескерткіштерінде кеңінен таралған); *ес* – солтүстік-батыс тілдерінде, сондай-ақ өзбек және ұйғыр тілдерінде басым қолданыста. Этнолингвистикалық тұрғыдан бұл «шекара-аймақтық» ерекшелік түркі тайпаларының тарихи мәдениетаралық байланыстары мен ойлау жүйесінің дамуының әртүрлі жолдарын

көрсетеді. Қыпшақ мұраларында екі тұлғаның да қатар қолданылуы, ал оғыз мәтіндерінде «ес» нұсқасының кездеспеуі – тілдік динамиканың аймақтық сипат алуының дәлелі.

Қазақ тілінде «ес» сөзі адамның танымдық жүйесінің күрделі компонентін білдіреді. Оның мағынасы жай ғана «ақыл» немесе «зерде» ұғымдарымен шектелмей, қабылдау, сақтау, ойлау, пайымдау және бағалау сияқты көпқырлы когнитивтік процестерді қамтиды. «Ес білу» тіркесі адамның өз ортасын, әлеуметтік құбылыстарды, жақсы-жаман оқиғаларды ұғынып, оларға саналы түрде баға беретін қабілетінің қалыптасуын білдіреді.

Мысалы, М. Әуезовтің: *«Бала ес білгеннен бері қарай әкесінің қабағын жұтаң қыста күн райын баққан кәрі бақташыдай бағып, танып өскен»* деген сөйлемінде «ес білу» – тәжірибеге сүйене отырып, ақыл-ой қабілетінің дамуын көрсетеді. Сол сияқты С. Мұқановта: *«Ол кезде ес біліп қалған бала ғой, анасын жоқтап көп жылады»* деп берілуі адамның жас ерекшелігіне қарай когнитивтік сатыдан өтуін сипаттайды. Бұл мысалдарда «ес» - тек есте сақтау емес, қоршаған ортадан ақпарат алып, оны зерделеп, бағамдап, саналы әрекетке көшу үдерісін білдіреді.

Абайдың он тоғызыншы қарасөзіндегі адам дамуы туралы ойы «ес» ұғымының психологиялық-когнитивтік маңызын терең ашады: *«Адам ата-анадан туғанда есті болмайды: естіп, көріп, ұстап, татып ескерсе, дүниедегі жақсы, жаманды таниды, сондайдан білгені, көргені көп болған адам білімді болады»*.

Бұл тұжырым адамның интеллектуалды қабілеті туа бітпей, тәжірибе мен танымдық әрекеттердің нәтижесінде дамитынын дәлелдейді. Мұндағы есту, көру, ұстау, тату, ескерту сияқты әрекеттер – когнитивтік процестің сатыларын көрсететін вербализацияланған тілдік бірліктер:

1. Қабылдау (перцепция) – сезім мүшелері арқылы ақпарат алу;
2. Есте сақтау (фиксация) – алған ақпаратты ес жүйесінде сақтау;
3. Талдау (анализ) – ақпаратты саналы өңдеу;
4. Пайымдау (синтез) – салыстыру, қорытынды жасау;
5. Бағалау (рефлексия) – алынған білімді өмірлік тәжірибеге қолдану.

Осы сатылардың тілде таңбалануы қазақ тіліндегі когнитивтік етістіктердің семантикалық өрісін қалыптастырады: *есту, тану, ұғыну, пайымдау, бағамдау*, т.б. [27, 187-б.].

Этимологиялық деректерге сүйенсек, *ус/ес* түбірі тек ойлау әрекетін ғана емес, адамның интеллектуалды, эмоционалды және әлеуметтік бейімделу процестерін де бейнелейді. Қазақ халқының танымдық моделінде «ес» – адамның «адам» болып қалыптасуындағы басты концепт. «Ес білу», «есінен тану», «еске алу» сияқты тіркестер адамның когнитивтік дамуының әр кезеңін көрсетеді.

Этнолингвистикалық тұрғыдан алғанда, ес категориясы тілдің тек лексикалық байлығы ғана емес, мәдени-танымдық тәжірибенің жинақталған көрінісі. Қазіргі қазақ тілінде интеллектуалды әрекеттің динамикасы сөздік қордағы мағыналардың өзгеруі, бейімделуі және жаңа контекстік қолданыстардың пайда болуымен тығыз байланысты. Тілдің когнитивтік ресурсы, тарихи деректердің сабақтастығы мен ұғымдардың мәдени мәні - бәрі де рухани мұраның біртұтас көрінісі [28, 95-б.].

Зерттеу барысында төмендегідей нәтижелерге қол жеткізілді: Түркі тілдерінің тарихи деректері мен қазақ тілінің лексикалық жүйесін салыстырмалы-этимологиялық талдау негізінде *аң, саң, ус/ес* түбірлерінің когнитивтік және семантикалық табиғаты айқындалды. Жинақталған деректер бұл түбірлердің адам ойлауы, ес, сана, зерде, түсіну, пайымдау сияқты интеллектуалды әрекеттерді білдіретін негізгі когнитивтік концепт екенін көрсетті. Э. Севортян, «ДТС», «Ескі түркі сөздігі» және С. Аманжолов еңбектеріндегі деректерді саралау нәтижесінде *аң* түбірінің «ақыл, ой, сана» мағынасында түркі тілдерінің көпшілігіне ортақ екені, одан өрбіген *аңдау, аңғару, аңғарлы* сияқты сөздердің когнитивтік процестерді

бейнелейтіні дәлелденді. Сондай-ақ *саң* лексемасының «ес, ой» мәніндегі қолданылымы *сана* және *сан* түбірлерімен семантикалық сабақтастықта екені, ал *ус/ес* тұлғаларының аймақтық таралуы түркі тілдерінің тарихи-диахрондық жіктелуін көрсететіні анықталды.

Қазақ тіліндегі *ес білу, сананы тану, санамен сарғаю, аңдау, пайымдау* сияқты тіркестердің лингвистикалық талдауы бұл бірліктердің адамның интеллектуалды әрекетін, когнитивтік қабылдау, есте сақтау, түсіну, қорыту, бағалау сатыларын бейнелейтінін дәлелдейді. Жыраулар поэзиясы, халық әндері, көркем мәтіндер мен Абайдың қарасөздеріндегі деректерді талдау нәтижесінде тілде интеллектуалды әрекеттің вербалдануы тарихи-мәдени тәжірибемен тығыз байланыста екені анықталды. Осылайша, қазақ тілінің антропоэлекті парадигмасында когнитивтік етістіктер мен санаға қатысты лексемалар адам болмысының танымдық құрылымын, дүниені қабылдау тәсілдерін және этномәдени ерекшеліктерін бейнелейтін маңызды лингвистикалық көрсеткіш болып табылатыны дәлелденді.

Қорытынды

Тұжырымдай келгенде, ақыл-ой дүниесінің этностық танымдағы ерекшеліктерін көрсете отырып, адам санасының негіздері «ес» процесімен тікелей байланыста екені айқындалды. Талдау барысында тілде қалыптасқан *есті, естияр, есі бүтін, ес білу, есіне түсіру, еске алу* сияқты бірліктердің адамның когнитивтік қабілеті мен интеллектінің негізгі деңгейлерін бейнелейтінін анықтадық. «Ес» категориясы адамның тәжірибесін жинақтау, қабылдау, сақтау, түсіну, пайымдау және бағалау сияқты көпқырлы когнитивтік процестерді қамтитыны көрінді. Этнолингвистикалық тұрғыдан «ес» адамның саналы әрекетке бейімделуінің, білімді меңгеруінің, дүниеге саналы көзқарас қалыптастыруының негізгі тірегі ретінде танылады. Сол сияқты *аң, саң, ус/ес* түбірлерінің тарихи-этимологиялық талдауы олардың түркілік негізін, интеллектуалды әрекетті вербалдандырудағы көне мағынасын және тілдік жүйедегі сабақтастығын ашып көрсетті. Сана, тіл және болмыс арасындағы өзара байланыс, таным үдерісіндегі түбір сөздердің мағынасы мен сөзжасамдық әлеуеті арқылы айқын көрінеді, бұл қазақ тілінің когнитивтік байлығын айғақтайды.

Қазақ тіліндегі интеллектуалды етістіктерді ұлттың дүниетанымдық және саналық құндылықтарын қалыптастыратын маңызды тілдік бірліктер ретінде қарастыруға болады. Зерттеу нәтижесінде *ойлау, түсіну, аңдау, пайымдау, зерделеу, бағамдау* сияқты етістіктердің семантикалық құрылымы адамның когнитивтік моделін бейнелеп, ұлттық дүниетанымдағы интеллектуалды әрекеттің көрінісін айқындайтыны дәлелденді. Бұл етістіктер ұлттың әлем туралы көзқарасын, білімін, танымын қалыптастыруда негізгі концептуалды құрал болып табылады. Сонымен қатар, қазақ менталитетінің басты ерекшеліктерін бейнелейтін *ұят, ұял, сөйле, ойла* сияқты етістіктер «Өнер алды - қызыл тіл», «Ұлы сөзде - ұят жоқ», «Сөз сүйектен өтеді, таяқ еттен өтеді» тәрізді ұлттық дүниетанымдық қағидалармен сабақтасып, қазақ халқының болмысын танытатын архетиптік мағыналарды жинақтайды. Осылайша, интеллектуалды етістіктер мен когнитивтік лексемалардың тарихи-мәдени негізін анықтау қазақ тілінің антропоэлекті парадигмасын тереңірек түсінуге мүмкіндік береді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Философская энциклопедия. – М.: Сов. энциклопедия, 1962. – 210 с.
2. Философский энциклопедический словарь. – М.: Сов. Энциклопедия, 1983. – 90 с.
3. Karttunen L. Implicative Verbs // Language. – 1971. – №2 (47). – P. 340–358. <https://doi.org/10.2307/412084>
4. White A.S., Hacquard V. Semantic Information and the Syntax of Propositional Attitude Verbs // Cognitive Science. – 2018. – №2 (42). – P. 416–456. <https://doi.org/10.1111/cogs.12512>

5. Hacquard V., Lidz J. On the Acquisition of Attitude Verbs // *Annual Review of Linguistics*. – 2022. – №8 (115). – P. 193–212. <https://doi.org/10.1146/annurev-linguistics-032521-053009>
6. Davis E., Landau B. Seeing and Believing: The Relationship between Perception and Mental Verbs in Acquisition // *Language Learning and Development*. – 2021. – №1 (17). – P. 1–27. <https://doi.org/10.1080/15475441.2020.1862660>
7. Schroeder K., Durrleman S. Relations between Intensionality, Theory of Mind and Complex Syntax in Autism Spectrum Conditions // *Cognitive Development*. – 2021. – №2 (59). – P. 101–107. <https://doi.org/10.1016/j.cogdev.2021.101071>
8. Арутюнова Н.Д. Предложение и его смысл: Логико-семантические проблемы. – М.: Наука, 1976. – 311 с.
9. Падучева Е.В. Семантические исследования: Семантика времени и вида в русском языке. – М.: Языки славянской культуры, 2011. – 480 с.
10. Зализняк А.А. Исследования по семантике предикатов внутреннего состояния. – München: Otto Sagner, 1992. – 203 с.
11. Апресян Ю.Д. Исследования по семантике и лексикографии. Парадигматика. – М.: Языки славянской культуры, 2009. – 568 с.
12. Кустова Г.И. О коммуникативном статусе вводных конструкций с ментальными предикатами // *Труды Института русского языка им. В.В. Виноградова РАН*. – 2020. – С. 62–75. <https://doi.org/10.31912/pvrl-2020.3.5>
13. Байтұрсынұлы А. Тіл-құрал. Он екі томдық шығармалар жинағы. 4-том. – Астана: Алашорда, 2022. – 384 б.
14. Жұбанов Қ. Қазақ тіл білімінің мәселелері. – Алматы: Абзал-Ай, 2013. – 640 б.
15. Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі: Морфология. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 208 б.
16. Исаев С. Қазіргі қазақ тіліндегі сөздердің грамматикалық сипаты. – Алматы: Рауан, 1998. – 304 б.
17. Маманов Ы. Қазақ тіл білімінің мәселелері. – Алматы: Абзал-Ай, 2014. – 640 б.
18. Оразов М. Қазақ тілінің семантикасы. – Алматы: Рауан, 1991. – 216 б.
19. Қазақ тілінің диалектілік сөздігі (ҚТДС). – Алматы: Ғылым, 1996. – 200 б.
20. Балакаев М.Б. Казахский литературный язык. – Алма-Ата: Наука, 1987. – 272 с.
21. Аманжолов С. Вопросы диалектологии и истории казахского языка. – Алма-Ата, Ғылым, 1959. – 452 с.
22. Кайдаров А.Т. Структура односложных корней и основ в казахском языке. – Алма-Ата: Наука, 1986. – 328 с.
23. Малов С.Е. Памятники древнетюркской письменности. – М.: Наука, 1951. – 452 с.
24. Севортян Э.В. Этимологический словарь тюркских языков. – М.: Наука, 1951. – 452 с.
25. Древнетюркский словарь. – М.: Наука, 1969. – 676 с.
26. Қазақ тілінің қысқаша этимологиялық сөздігі (ҚТҚЭС). – Алматы: Ғылым, 1966. – 240 б.
27. Bailiyeva U.B., Aldabek N.A., Dautova B.D. The Concept of “Reason” in Abai Kunanbayev’s Works and Its Translation into Russian and English Languages // *Ясауи университетінің хабаршысы*. – 2024. – №2 (132). – Б. 180–193. <https://doi.org/10.47526/2024-2/2664-0686.53>
28. Қасым Б. Сөзжасам: Семантика. Уәждеме. – Алматы: Дарын, 2024. – 223 б.

REFERENCES

1. Filosofskaia enciklopedia [The Philosophical Encyclopedia]. – М.: Sov. enciklopedia, 1962. – 210 s. [in Russian]
2. Filosofski enciklopedicheski slovar [Philosophical Encyclopedic Dictionary]. – М.: Sov. Enciklopedia, 1983. – 90 s. [in Russian]
3. Karttunen L. Implicative Verbs // *Language*. – 1971. – №2 (47). – P. 340–358. <https://doi.org/10.2307/412084>
4. White A.S., Hacquard V. Semantic Information and the Syntax of Propositional Attitude Verbs // *Cognitive Science*. – 2018. – №2 (42). – P. 416–456. <https://doi.org/10.1111/cogs.12512>
5. Hacquard V., Lidz J. On the Acquisition of Attitude Verbs // *Annual Review of Linguistics*. – 2022. – №8 (115). – P. 193–212. <https://doi.org/10.1146/annurev-linguistics-032521-053009>

6. Davis E., Landau B. Seeing and Believing: The Relationship between Perception and Mental Verbs in Acquisition // Language Learning and Development. – 2021. – №1 (17). – P. 1–27. <https://doi.org/10.1080/15475441.2020.1862660>
7. Schroeder K., Durrleman S. Relations between Intensionality, Theory of Mind and Complex Syntax in Autism Spectrum Conditions // Cognitive Development. – 2021. – №2 (59). – P. 101–107. <https://doi.org/10.1016/j.cogdev.2021.101071>
8. Arutiunova N.D. Predlojenie i ego smysl: Logiko-semanticheskie problemy [A sentence and its meaning: Logical and semantic problems]. – M.: Nauka, 1976. – 311 s. [in Russian]
9. Paducheva E.V. Semanticheskie issledovania: Semantika vremeni i vida v russkom iazyke [Semantic research: The Semantics of time and type in the Russian language]. – M.: Iazyki slavianskoi kultury, 2011. – 480 s. [in Russian]
10. Zalizniak A.A. Issledovania po semantike predikatov vnutrennego sostoiania [Research on the semantics of predicates of the internal state]. – München: Otto Sagner, 1992. – 203 s. [in Russian]
11. Apresian Iu.D. Issledovania po semantike i leksikografii. Paradigmatika. [Research on semantics and lexicography. Paradigmatics]. – M.: Iazyki slavianskoi kultury, 2009. – 568 s. [in Russian]
12. Kustova G.I. O kommunikativnom statuse vvodnyh konstrukci s mentalnymi predikatami [On the communicative status of introductory constructions with mental predicates] // Trudy Instituta russkogo iazyka im. V.V.Vinogradova RAN. – 2020. – s. 62-75. <https://doi.org/10.31912/pvrli-2020.3.5> [in Russian]
13. Baitursynuly A. Til-qural. On eki tom. 4-tom. [Language is a tool. Twelve volumes. Vol. 4]. – Astana: Alashorda, 2022. – 384 b. [in Kazakh]
14. Jubanov Q. Qazaq til biliminin maseleleri [Problems of Kazakh linguistics]. – Almaty: Abzal-Ai, 2013. – 640 b. [in Kazakh]
15. Ysqaqov A. Qazirgi qazaq tili: Morfologia [Modern Kazakh language: morphology]. – Almaty: Ana tili, 1991. – 208 b. [in Kazakh]
16. Isaev S. Qazirgi qazaq tilindegi sozderdin gramatikalyq sipaty [Grammatical nature of words in the modern Kazakh language]. – Almaty: Rauan, 1998. – 304 b. [in Kazakh]
17. Mamanov Y. Qazaq til biliminin maseleleri [Problems of Kazakh linguistics]. – Almaty: Abzal-Ai, 2014. – 640 b. [in Kazakh]
18. Orazov M. Qazaq tilinin semantikasy [Semantics of the Kazakh language]. – Almaty: Rauan, 1991. – 216 b. [in Kazakh]
19. Qazaq tilinin dialektilik sozdigi (QTDS) [Dialect Dictionary of the Kazakh language (KTD)]. – Almaty: Gylym, 1996. – 200 b. [in Kazakh]
20. Balakaev M.B. Kazahski literaturnyi iazyk [Kazakh literary language]. – Alma-Ata: Nauka, 1987. – 272 s. [in Russian]
21. Amanjолоv S. Voprosy dialektologii i istorii kazahskogo iazyka [Issues of dialectology and history of the Kazakh language]. – Alma-Ata, Gylym, 1959. – 452 s. [in Russian]
22. Kaidarov A.T. Struktura odnoslojnyh kornei i osnov v kazahskom iazyke [The structure of monosyllabic roots and bases in the Kazakh language]. – Alma-Ata: Nauka, 1986. – 328 s. [in Russian]
23. Malov S.E. Pamiatniki drevnetiurkskoi pismennosti [Monuments of ancient Turkic writing]. – M.: Nauka, 1951. – 452 s. [in Russian]
24. Sevortian E.V. Etimologicheski slovar tiurkskih iazykov [Etymological dictionary of Turkic languages]. – M.: Nauka, 1951. – 452 s. [in Russian]
25. Drevnetiurkski slovar [Ancient Turkic Dictionary]. – M.: Nauka, 1969. – 676 s. [in Russian]
26. Qazaq tilinin qysqasha etimologialyq sozdigi (QTQES) [Brief Etymological Dictionary of the Kazakh language]. – Almaty: Gylym, 1966. – 240 b. [in Kazakh]
27. Bailiyeva U.B., Aldabek N.A., Dautova B.D. The Concept of “Reason” in Abai Kunanbayev’s Works and Its Translation into Russian and English Languages // Iasaui universitetinin habarshysy. – 2024. – №2 (132). – B. 180–193. <https://doi.org/10.47526/2024-2/2664-0686.53>
28. Qasym B. Sozjasam: Semantika. Uajdeme [Word Formation: Semantics. Motivation]. – Almaty: Daryn, 2024. – 223 b. [in Kazakh]